

"Оңтүстік электр желілері" ашық акционерлік қоғамының конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 тамыздағы N 754 Қаулысы

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңы 2-бабының 4-тармағына сәйкес, табиғи монополия субъектісі болып табылатын "Оңтүстік электр желілері" ашық акционерлік қоғамын банкрот деп тануға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Оңтүстік электр желілері" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - қоғам) конкурстық массасын сатудың:

- 1) қоғамның өндірістің біртұтас технологиялық циклін қамтамасыз ететін мүлкітік кешенін бірыңғай лотпен (бұдан әрі - лот) сатуды;
- 2) лотты сатудың ең төменгі бағасын әкімшілік шығыстар мен бірінші және екінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомаларынан төмен емес етіп белгіледі;
- 3) банкроттық рәсімін технологиялық циклдің үздіксіздігін сақтай отырып өткізуді көздейтін ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін.

2. Лотты сатып алушыларға мынадай қосымша талаптар белгіленсін:

- 1) қызмет бейінін, тұтынушылармен шарттарды және ұсынылатын қызметтердің көлемін сақтау жөніндегі міндеттемелерді қабылдау;
- 2) қоғам қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасасуды қамтамасыз ету;
- 3) электр энергиясын беру мен бөлу, электр энергиясын қайта сату мақсатында сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияларының болуы;
- 4) сатып алушының өз қаражаты есебінен елді мекендерді орталықтандырылған электрмен жабдықтауға қосу үшін бір жүз қырық бір километр электр беру желілерін с а л у ;
- 5) жыл сайын кемінде 56 000 000 (елу алты миллион) теңге сомасына негізгі құралдарды жөндеуді жүргізу;
- 6) 45 000 000 (қырық бес миллион) теңгеге жабдықтарды жаңғыртуды және техникалық қайта жарақтандыруды жүргізу.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі